

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 3, Number 307 (2016), 173 – 177

ARMENIAN AND GEORGIAN ANTHROPOLOGY OF TURKIC- KIPCHAK ORIGIN IN TRANSCAUCASIA

S.R.Boranbaev, S. Zh.Kudasov, M.E.Alimbaev

Regional social-innovational university
sandybai 60@mail.ru

Keywords: kipchak anthroponomy, historical records, tribal languages, kipchak tribes, onomastics, ancient studies, Borrowing words, linguistic, cultural cognitive, anthropocentric, ethnocentric

Abstract. This article is considered the historical realities of our people, their traditions and customs, formation of culture, peculiarities of the development of immortalized in numerous languages monuments with deepest meaning and content, as well as a wide distribution areal spread, that shows us the different milestones of the formation of the people and public relations and social events.

Main meaning of onomastics in the culture and history of the people as a reflection of ethnic identity, which demands comprehensive study. The ability to address a range of issues of general and applied onomastics gives a historical approach. From this point of view, it raises issues of education of established and Karakoyly Akkoily tribes in the south of the Caucasus, on the assumptions of some scholars have Turkmen origin, for example, the Seljuk claimed that they are the descendants of Turkmen tribes Kınık. Clan Akkoily and Karakoyly found in a part of the Kazakh senior and middle clan. Borrowing the names of everyday objects, phenomena, while preserving the original meaning, gives the language has borrowed signs progenitor language. At the same time, borrowing personal names of the languages of other peoples, assimilated to the sound system of the language, it retains its original value. Therefore onomastic names may serve as a source of historical and ethnographic research. Anthroponyms reflect a common culture, social and political structure, the mutual history, social interaction people-carrier language with other people in a peaceful and troubled times.

КАВКАЗСЫРТЫ ЖЕРІНДЕГІ ТҮРКІ-ҚЫПШАҚ НЕГІЗДІ АРМЯН, ГРУЗИН АНТРОПОНИМДЕРІ

С.Р. Боранбаев, С. Ж.Құдасов, М.Е.Әлімбаев

Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университет Қазақстан, Шымкент
sandybai 60@mail.ru

Түйін сөздер: қыпшақ антропонимдері, Тарихи жазбалар, тайпалық тілдер, қыпшақ тайпалары, ономастика, көне зерттеулер, сөз ауысу, лингвистикалық, мәдени танымдық, антропоцентристік, этноцентристік.

Аннотация. Мақалада халықтың мәдениеті мен тарихы үшін ономастиканың ерекше маңызы, ондағы этнос ділінің көрінісі арнайы және кешенді зерттеу жүргізуді қажет ететіндігі, бұл мәселелерді тарихи тұрғыдан зерттеу жалпы және қолданбалы ономастиканың бірқатар мәселелерін шешуге мүмкіндік беретіндігі, Оңтүстік Кавказда Аққойлы, Қарақойлылар құрған мемлекеттер түркімендердікі, селжүктер түркіменнің Қынық тайпасынан шыққан деген ұстанымдар бар екені сөз болады. Аққойлы, Қарақойлы рулары қазақтың ұлы жүзі мен орта жүзінің құрамында кездеседі, қынық, құшшы, қасқа атаулары өзбекстандық қазақтарда сақталған.

Бір тілден екінші бір тілге сөз ауысу құбылысы белгілі бір заттың, ұғымның атаулары ретінде сол сөзді қабылдаған халық тіліне ортақ болып енетін болса, антропонимдердегі кірме атаулардан қабылданған тілдің сипаты (отғыз, қыпшақ элементтері) көрініс тауып отырады. Сонымен қатар өзге тілді халықтардың тіліне енген антропонимдер көп жағдайда сол тілдің дыбыстық жүйесіне негізделгенімен көнелік сипатын

сақтайды. Сондықтан да ономастикалық атаулар құнды тарихи-этнографиялық дереккөздер де болып табылады. Антропонимдерден сол тілде сөйлеуші халықтың өзге елдермен өзара қарым-қатынасы, саяси-әлеуметтік құрылымы, мейлі ол жаулап алушылық болсын, мейлі бейбіт өмір болсын, жан-жақты көрініс тауып отырады.

Қыпшақтар Кавказға XI ғасырда келген деген пікірлерге ортағасырлық қыпшақтардың, оның ішінде Батыс Дешті қыпшақтардың тарихына қатысты зерттеулерге түрлі деректер (орыс жылнамалары, Византиялық жазба деректер, Кавказ деректері (грузин, армян), мажарлық, чех, неміс т.б.) арқау болған. Солардың негізінде қыпшақтардың Кавказ аумағына келу кезеңдерін XI ғ. байланыстыратын зерттеушілер саны ғылымда басым. Дегенмен әртүрлі бағыттардағы зерттеулерде қыпшақтардың Кавказ аумағына қатысы жанама түрде, онда да жекеленген пікірлер болмаса арнайы зерттеулер өте сирек. Алғашқы XIX ғасырдың II жартысынан кең етек ала бастаған қыпшақтар тарихына қатысты еңбектерде, тіпті XX ғасырлардың орта тұсына дейінгі зерттеулерде бұл мәселеге мүлдем сирек назар аударылған (И. Дьярфаш, П.В. Голубовский, И. Маркварт, Д.А. Расовский еңбектері сондай еңбектер қатарынан саналады). Батыс қыпшақтар жайлы арнайы зерттеу еңбек жазған К.В. Кудряшов зерттеулерінде де қыпшақтардың Кавказ бөлігі туралы айтылғанымен олардың Кавказға келу тарихына терең үнілген жоқ. Аталған тақырыпқа кезінде Л.Я. Люлье, И.Т. Мутенин және археолог ғалым Е. П. Алексеевалар еңбектер жазды. Соның ішінде соңғысының ортағасырлық қыпшақтардың Кавказ халықтарының қалыптасуындағы тарихи, археологиялық және антропологиялық тұрғыдағы мағлұматтары мол [1].

Халықтың мәдениеті мен тарихы үшін ономастиканың ерекше маңызы, ондағы этнос ділінің көрінісі арнайы және кешенді зерттеу жүргізуді қажет етеді. Бұл мәселелерді тарихи тұрғыдан зерттеу жалпы және қолданбалы ономастиканың бірқатар мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

XX ғ. басында атақты түркітанушы А. Самойлович: «Пользуясь случаем, я позволю себе высказать пожелание, чтобы исследователи разных туземных племен обратили специальное внимание на личные имена; следовало бы составлять полные алфавитные списки личных имен, мужских и женских, по отдельным племенам с подробными указаниями, в каких случаях, в какую историческую эпоху, кому и почему давалось или дается имя. Впоследствии явилась бы возможность произвести весьма интересное в культурно-историческом отношении сравнительное исследование личных имен всего туземного народа», – деп атап көрсеткен болатын. Аталған мәселелерді лингвистикалық, мәдениет танымдық, антропоцентристік, этноцентристік аяда зерттеу бүгінгі күннің көкейкесті мәселесіне айналып отыр және түркі ономастикасының одан әрі дамуына ықпал етеді.

Қазіргі армян тіліндегі түркі негізді антропонимдерде оғыз тілдерінің әсері басым екендігі байқалады. Қыпшақтардың Кавказға орын тебу дәуіріндегі қыпшақ тіліне тән белгілердің бірсыпырасы оғыз тілдеріне де ортақ болып келеді де, профессор Ә. Нәжіптің ортағасырлық қыпшақ жазба ескерткіштерінің тілін «оғыз-қыпшақ», «қыпшақ-оғыз» тілдері деп тілара-ластық құбылысты сипаттаған пікірін мақаламызға қатысты деңгейде қолдануға болады.

Армян антропонимдеріндегі түркілік қабат әр тілді халықтардың ұзақ уақыттар бойы аралас-құралас өмір сүріп, саяси-мәдени ықпалдастықта болғандығын көрсетеді. Этноантропонимдер жүйесін құрайтын Abdal-yan, Bayandur-yan, ʒazaḡ-yan, ʒazaḡ-es-yan ʒazar-yan, ʒazar-yan-s, ʒazar-os-yan, Kʼasaḡ-yan, Xaḷḷa-yan, Seldhuk-yan, Tʼurkʼmen-yan, Alalʼ-kert-yan, Bayburt-yan, Badrak-yan, Baylar-yan, Aughtun-yan сияқты атауларда ежелгі тайпалар туралы ақпараттар сақталған. Мысалы, Abdal – армян тарихи жазбаларындағы эфталиттердің атауы; Alalʼ, Alalʼ-kert (алаш қала) – қазақтың алаш атауымен байланысы болуы мүмкін, алаш атауы өте көне жазбалардан белгілі, олай болса *алаш* этнонимі де *қазақ* атауы сияқты ежелде пайда болып, мыңжылдықтар бойы Кавказда ономастикалық атауларда, ал қазақтардың тарихи жадында сақталып, Алтын Ордадан бөлініп, өз алдына шаңырақ көтерген елдің атауына айналған деп қарауымызға мүмкіндік береді. Қазақ тілінің қазіргі қолданысында «атам қазақ айтқандай», «алты алаш» т.с.с. ұғымдар халықтың тарихи жадында сақталып келіп, тарихи сананың оянуына байланысты жаңғырған *алаш*, *қазақ* сөздерінің тарихи тамыры тереңде жатыр. Aughtun тайпасы Кавказдағы қазақ тайпаларының құрамында болған деген деректердің кездесуі олардың бір өңірде қатар өмір сүруімен байланысты болуы керек, әйтпесе айрумдар түркімендерге жатады. Tʼurkʼ- men атауы армян тарихи жазбаларында орта ғасырларда, селжүктердің алдына аталады. Армян тарихшылары Кавказға солтүстіктен өткен түркілерді *Һондар*, ал оңтүстіктен барғандарын *түркман* деген жалпы атаумен атап, осы атауларды кейінгі қыпшақтарға да қолданып отырған. Түркімендердің арасында түркілердің Орталық Азияны мекендеген өзге тайпалары да болғандықтан мәселенің осы тұсына этнолог-тарихшы ғалымдарымыздың баса назар аударғаны жөн. Оңтүстік Кавказда Аққойлы, Қарақойлылар құрған мемлекеттер түркімендердікі, селжүктер түркіменнің Қынық тайпасынан шыққан деген ұстанымдар бар екені белгілі. Аққойлы, Қарақойлы рулары қазақтың ұлы жүзі мен орта жүзінің құрамында кездеседі, қынық, құшшы, қасқа атаулары өзбекстандық қазақтарда сақталған. 1245 жылы

Мысырда жазылған «Арабша-кыпшақша сөздікте» «түркімен тіліне тән» деп белгілі қойылған сөздердің кыпшақ тілінде көбірек кездесетіні зерттеушілердің еңбектерінен белгілі [2]. Badrak – қарақалпақ құрамындағы ру болса, Baylar – қонырат арасындағы байлар, жандармен үндесіп жатады. Bayandur, Махмұт Қашағари көрсеткендей, оғыздардың 24 тайпасына құрамына енеді. Ал Bayburt атауы байбөрі патронимімен негіздес.

Хальха алтайлықтардың, кыргыздардың арасындағы қашқа руларымен сабақтас болуы керек. Ал ʏazar (хазар) атауы армян тарихи жазбаларында басында хазарларға қатысты айтылатын болса, кейіннен, һон атауы сияқты, кыпшақтарға қатысты да айтылатын болған. Осындай жүйелі мысалдардан армян тарихшыларының ежелгі ғұндарды, ертеортағасырлық хазарлар мен ортағасырлық кыпшақтарды бір халық деп қарағандарын байқауға болады.

Т. Аветисян армян жалқы есімдерінің құрамындағы ʏazaх / К'асах атауларының пайда болуын Қазақ топонимімен байланыстырады [3, 206б.]. Арменияны арнайы зерттеген П. Шопеннің айтуынша, он төрт рудан құралған қазақтар қазіргі Армения жерін мекендеген. Сондықтан армян патронимдеріндегі қазақ атауы тек топоним ғана емес, этнониммен де байланысты деп қарауымыз керек болады.

Бір тілден екінші бір тілге сөз ауысу құбылысы белгілі бір заттың, ұғымның атаулары ретінде сол сөзді қабылдаған халық тіліне ортақ болып енетін болса, антропонимдердегі кірме атаулардан қабылданған тілдің сипаты (оғыз, кыпшақ элементтері) көрініс тауып отырады. Сонымен қатар өзге тілді халықтардың тіліне енген антропонимдер көп жағдайда сол тілдің дыбыстық жүйесіне негізделгенімен көнелік сипатын сақтайды. Сондықтан да ономастикалық атаулар құнды тарихи-этнографиялық дереккөздер де болып табылады. Антропонимдерден сол тілде сөйлеуші халықтың өзге елдермен өзара қарым-қатынасы, саяси-әлеуметтік құрылымы, мейлі ол жаулап алушылық болсын, мейлі бейбіт өмір болсын, жан-жақты көрініс тауып отырады.

Армян тіліндегі түркілік патронимдердің құрылымдық негізі түркі тілдеріндегідей болып келеді де, соңына –yan, –с, –eci (соңғы –eci қосымшасы шыққан аймағын, мекенін білдіреді) қосымшалары жалғанады және ер адамдар мен әйелдерге бірдей болып келеді. Патронимдердің негізін көнетүркілік лексика құрайды. Морфологиялық құрылымына қарай:

а) жеке түбір сөзден тұратын атауларға: Igit'-yan, Laçin'-yan, Xat'un'-yan, Çolaх'-yan, ʏazaх'-yan, ʏazaх'-ec'-yan, ʏazar'-yan, ʏazar'-yan-с, ʏazar'-os'-yan, Palt'a'-yan, Sadaх'-yan, Sadaу'-yan, Sanduх'-yan, P'olat'-yan, K'uçuk'-yan, K'асах'-yan, Kольgar'-yan, Xanum'-yan, Xальха'-yan, Seldhuk'-yan, Surgun'-yan, T'urk'men'-yan, P'orsuх'-yan, Orman'-yan, Çavuş'-yan, K'oşkar'-yan,

ә) біріккен сөздерден тұратын атауларға: Dаь-demir'-yan, Demir-хан'-yan, Demir-оуь'-yan, Igit'-раль(a)-yan, Igit'-хан'-yan, Kara-галь'-yan, Kara-demur'-yan, Kara-хан'-yan, Xan-beg'-yan, Xan-murat'-yan, Xan-bab'-yan, ʏara-beg'-yan, ʏara-gjoz'-yan, ʏara-хан'-yan, ʏara-халь'-yan, ʏara-тал'-yan, Sari-beg'-yan, Saru-хан'-yan, Sar(i)-оуьлан'-yan, Uli-хан'-yan, Ulu-bab(a)-yan, Ulu-хан'-yan, Ulu-ходh(a)-yan, Ordu-хан'-yan, Ordu-beg'-yan, Xaçi-bab(a)-yan, Xaçi-bek'-yan, K'eşik-baş'-yan, Xan-geld(i)-yan, Xuda-verd(i)-yan, Xupe-ser'-yan, Xaçi-bek-bab(a)-yan;

б) қосымша жалғануы арқылы жасалған туынды сөздерден тұратын атаулар: Demir-dh(i)-оуь'-yan, Demur-ç(i)-yan, Demir-dž(i)-yan, Demur-dž(i)-yan, Indži-dž(i)-yan, Xalpaх-ç(i)-yan, Kara-ʏuyun-ç(i)-yan, ʏaraх-ç(i)-yan, Çanaх-ç(i)-yan, Çaruх-ç(i)-yan, Çöp-çü-nc, Pal(i)х-ç(i)-yan, Sanduх-ç(i)-yan, Sabon-ç(i)-yan, P'çaх-ç(i)-yan, Orman-ç(i)-yan, Ig(i)-lik'-yan, Surgun'-yan;

в) көптік формада берілген атау: Xan-lar'-yan, Bek-tar-bek'-yan, Bek-lar'-yan.

Құрамында этнонимдер сақталған атаулар: ʏazaх'-yan, ʏazaх'-ec'-yan ʏazar'-yan, ʏazar'-yan-с, ʏazar'-os'-yan, K'асах'-yan, Xальха'-yan, Seldhuk'-yan, T'urk'men'-yan, Alаль-kert'-yan, Bayburt'-yan, Badrak'-yan, Bayandur'-yan, Baylar'-yan, Ayrum'-yan, Abdal'-yan.

Көне түркі дәуірінен белгілі хан<хаған титулы арқылы жасалған патронимдер: Demir-хан'-yan, Igit'-хан'-yan, Kara-хан'-yan, Xan-geld(i)-yan, ʏara-хан'-yan, Saru-хан'-yan, Uli-хан'-yan, Ulu-хан'-yan, Ordu-хан'-yan, Xan-beg'-yan, Xan-murat'-yan, Xan-bab(a)-yan.

Бек/беғ титулының қосылуы арқылы жасалған атаулар: Amir-bek'-yan, At'a-bek'-yan, Xan-beg'-yan, ʏara-beg'-yan, Sari-beg'-yan, Ordu-beg'-yan, Xaçi-bek'-yan, Xaçi-bek-bab(a)-yan, Asli-bek'-yan, Baba-bek'-yan, Bek-t'аль'-yan, Yaхьы-bek'-yan, Bek-tar-bek'-yan, Bek-lar'-yan.

Кәсін иесін білдіретін атаулар: Demir-dh(i)-оуь'-yan, Demur-ç(i)-yan, Demir-dž(i)-yan, Demur-dž(i)-yan, Indhi-dh(i)-yan, Xalpaх-ç(i)-yan, Kara-ʏuyun-ç(i)-yan, ʏaraх-ç(i)-yan, Çanaх-ç(i)-yan, Çaruх-ç(i)-yan, Çöp-çü-nc, Pal(i)х-ç(i)-yan, Sanduх-ç(i)-yan, Sabon-ç(i)-yan, P'çaх-ç(i)-yan, Balt'aç(i)-yan, Orman-ç(i)-yan, K'uçuk'-yan.

Белгілі бір аумақтарда шоғырланып қоныстанған ирреденттер географиялық атауларды ана тілдерінде белгілей отырып, өздеріне тән топонимия жүйесін жасайды, оларды зерттеу ғылыми тұрғыдан назар аударуды сөзсіз қажет етеді. Дүние жүзінің көптеген мемлекеттерінің идеологиясы ирреденттерді ассимиляциялауға бағытталған. Этностың ділін, мәдениеті мен рухани байлығын көрсететін өзіне тән тілдік топонимиялық жүйені құрушы және оны сақтаушы халықтың этникалық ерекшеліктерін жою мақсатында

трансформацияға ұшыратылу арқылы ассимиляциялау процесі топонимияны да қамтиды. Ол құбылысты «Административно-территориальное деление Армянской ССР» атты еңбектерден қай жылы қандай атаулардың қалай деп ауыстырылғандығын нақты көруге болады.

Армения мен Әзірбайжан арасында ХХ ғасырдың соңына қарай орын алған саяси қақтығыстардың салдарынан армяндар мен әзірбайжандар мекен еткен жерлерін тастап шығуға мәжбүр болды. Нәтижесінде бұрынғы түркілік топонимдерге жаңаша атаулар берілді.

Вугар Керимли түрік тайпаларының бүгінгі Грузия аумақтарына да орналасуының тарихи жағдайларына тоқталып, *кемінде екі мың жылдық тарихы бар* деп санайды. Сонымен бірге, қазіргі ғылымда басым болып келе жатқандай, қыпшақтардың Кавказға енуі тек солтүстік арқылы жүрген деген пікірге күмән келтіре отырып *ол қыпшақтарды өзге түрік тайпаларымен біртұтас Түрік елі ретінде қарау керектігіне меззейді*. Зерттеуші қыпшақтар түрік тайпасының бірі ретінде Кавказдың оңтүстігінен де енген деп санайды. Сақ, скифтер дәуірінен бастап ғұндардың, түріктердің, кейінгі қыпшақтардың грузин жеріне келген тұстарына тарихи талдау жасауға ұмтылады. *«Древние тюркские племена проживали на территории Борчалы. Здесь оставили свой след такие великие тюркские течения как Сабурь, Гунны, Касы, Огузы, Кыпчаки, Карапаки, Терекеме и другие. Многие в Борчалы издревле считали себя Терекеме. Терекеме в переводе с древнеарабского означает сбор тюрков. Иногда оно переводится как «скотовод» – деп жазады [4].*

В. Анчабадзе өз зерттеулерінде грузин деректерінде ХІ ғасырға дейінгі кезеңде қыпшақтардың Кавказ аумағына келуі туралы ешбір дерек жоқ дей тұра, кейбір деректерде қыпшақтардың бұлғарлармен туыстық жақтарына назар аударылғанын тілге тиек етеді. Оның: *«То обстоятельство, что Леонтий Мровели ставит кипчаков рядом с кавказскими болгарами, может быть объяснено как свидетельство бытования кипчаков уже где-то на Северном Кавказе или в ближайшем соседстве с ними»* деп тағы бір ойдың шетін шығарады. Бірақ дәлелдер келтірмейді [5]. В.Л.Гукасян ХІІ-ХІІІ ғғ. грузин деректерінде Грузия жерлерінде VIII ғ. бастап белгілі болған қыпшақтарды “nagivcakara” (ескі қыпшақтар), ал ХІІ ғасырда Солтүстік Кавказға қоныс аударған қыпшақтарды “axaligivcakara” (жаңа қыпшақтар) деп аталғанын айтады. Алайда оның сілтеме жасаған еңбегінде (В.Анчабадзе) ондай мағлұматтың нақты емес екенін жоғарыда келтірдік.

Марко Поло жазбаларының грузиндерге қатысты мағлұматтар беретін тұстарында, Кавказ халықтары мен көшпелі түрік тайпаларының тарихи байланысы тереңнен тамыр алатыны айтылған. Ол Кавказдың терістігіндегі далалық жерлерге байланысты “татарларға дейін ол кезеңде бұл жерде құмандар болған еді” деп жазды. Құмандарды сол аймақтың көне дәуірлерден мекен етушілері ретінде көрсетті. Осындай деректер негізінде құмандар Шығыс Еуропаға ХІ ғасырдан бұрын өткен деген пікірді түркітанушылар арасында қолдаушылар болды [6, 5 б.].

ӘДЕБИЕТ

- [1] Алексеева Е. П. Археологические памятники Карачаево-Черкесии. — М.: Наука, 1992.— 216 с: карта.
- [2] Курьшжанов А.К. Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII вв.— “Тюркско-арабского словаря”. — Алма-Ата: Наука, 1970.
- [3] ԱվետիսյանՍ.Մ. Հայկականագրություն. Երվան, 1987. -321 էջ. (Аветисян Т.М. Армянская фамилия Ереван: Изд. АН Арм.ССР, 1987. – 321 б. (армян тілінде).
- [4] Вугар Керимли. Азербайджан:Тюрки в Грузии // *İncəsənət və mədəniyyət problemləri jurnalı* - June 15th, 2010 [adminLeave a commentGo to comments.](#)
- [5] Анчабадзе В. Кыпчаки северного кавказа по данным грузинских летописей XI—XIV веков// материалы научной сессии по проблеме происхождения балкарского карачаевского народов (22—26 июня 1959 г.).—Нальчик, 1960. – с. 113-127.
- [6] Ширалиев М.Ш. Кыпчакские элементы в азербайджанском языке /на материале диалектов и говоров // Исследования по грамматике и лексике тюркских языков. – Ташкент: Наука, 1965. – С. 5-17.

REFERENCES

- [1] Alekseeva E. P. Arheologicheskie pamjatniki Karachaev-Cherkessii.— М.: Nauka, 1992.— 216 s: karta.
- [2] Kuryshzhanov A.K. Issledovanie po leksike starokypchakskogo pis'mennogo pamjatnika XIII vv.— “Tjurksko-arabskogo slovarja”. – Alma-Ata: Nauka, 1970.
- [3] ԱվետիսյանՍ.Մ. Հայկականագրություն. Երվան, 1987. -321 էջ. (Avetisjan T.M. Armjanskaja familija Erevan: Izd. AN Arm.SSR, 1987. – 321 b. (armjan tilinde).
- [4] Vugar Kerimli. Azerbajdzhan:Tjurki v Gruzii // *İncəsənət və mədəniyyət problemləri jurnalı* - June 15th, 2010 [adminLeave a commentGo to comments.](#)
- [5] Anchabadze V. Kipchaki severnogo kavkaza po dannym gruzinskih letopisej XI—XIV vekov// materialy nauchnoj sessii poprobleme proishozhdenija balkarskogo karachaevskogo narodov (22—26 ijunja 1959 g.).—Nal'chik, 1960. – s. 113- 127.

[6] Shiraliev M.Sh. Kypchakskie jelementy v azerbajdzhanskom jazyke /na materiale dialektov i govorov // Issledovanija po grammatike i leksike tjurkskih jazykov. – Tashkent: Nauka, 1965. – С. 5-17.

УДК 811.51

БАК +10.02.02; +10.02.22

АРМЯНСКИЕ И ГРУЗИНСКИЕ АНТРОПОНИМЫ ТЮРКСКО-КИПЧАКСКОГО ПРОИСХОЖДЕНИЯ В ЗАКАВКАЗЬЕ

С.Р. Боранбаев, С.Ж. Кудасов, М. Е. Алимбаев

Региональный социально-инновационный университет (Казахстан, Шымкент)
sandybai 60@mail.ru

Ключевые слова: кыпчакские антропонимы, исторические записи, племенные языки, кыпчакские племена, ономастика, древние исследования, заимствование слов, лингвистические, культурнопознаваемые, антропоцентристическое, этноцентристическое.

Аннотация. В данной статье рассмотрены исторические реалии нашего народа, его традиции и обычаи, формирование культуры, особенности развития, увековеченные в многочисленных языковых памятниках с глубоким по смыслу и содержанию, а также широким ареалом распространения, что показывает нам разные вехи становления народа и связь с общественными и социальными событиями. Определяется особое значение ономастики в культуре и истории народа как отражения этнической самобытности, которая требует комплексного исследования. Возможность решения целого ряда проблем общей и прикладной ономастики дает исторический подход. С этой точки зрения затрагиваются вопросы образования государств, созданных племенами Аккойлы и Каракойлы на юге Кавказа, по предположениям некоторых ученых, имеют туркменское происхождение, например, сельджуки утверждали, что они являются выходцами туркменских племен кынык. Племена Аккойлы и Каракойлы встречаются и в составе казахских Старшего и Среднего жузов.

Заимствование названий предметов быта, явлений при сохранении первоначального смысла придает языку, заимствовавшему названия, приметы языка-прародителя. Наряду с этим, заимствование антропонимов из языков других народов, ассимилируясь к звуковой системе этого языка, сохраняет свое первоначальное значение. Поэтому ономастические названия могут служить историко-этнографическими источниками исследования. Антропонимы отражают общую культуру, социально-политическую структуру, взаимную историю, бытовое общение народа-носителя языка с другими народами в мирное и смутное время.

Поступила 25.04.2016 г.